

**Пластикалық бейнелеуді
оқытудың сипаттамасы.**



№ 9 тақырып
Пластикалық
бейнелеуді оқытудың
сипаттамасы.

Дизайн іс әрекеті

Бүгінгі таңда өзекті мәселелердің бірі бакалавр бағытында бейнелеу өнері және дизайн мамандарын даярлаудың теориялық-әдіснамалық негіздеу арқылы графикалық мәдениетті көтеру мәселесі қойылып отыр. Бұл мәселеге көңіл әліде болса өз деңгейінде қарастырылып отырған жоқ. Бакалавр бағытында бейнелеу өнері және дизайн мамандарын даярлаудың теориялық-әдіснамалық негіздеу бүгінгі күн талабына сай жасалмағандықтан қарама-қайшылық туындаған болуы керек. Дизайн іс әрекеттерін қай жағынан алып қарасақ та, барлық қоғамдағы барлық жағдайлармен тығыз байланысты. Дегенмен бала бақшадан бастап, дизайн негіздерін пәнаралық байланыста игерту мәселесі туындап отыр.



Қызметі



Дизайнда студент тек қана сурет салып қоймайды, сонымен қатар формаларды жасайды. Формаларда түпкі ой жоба студенттің іс-әрекеттерінде шынайы беріледі. Сондықтан да, ол құнды. Әр студенттің қабілетіне қарай алған білімі, білік және дағдысын және шығармашылық еңбек етуін жүйесі бақылап оқытуы қажет сияқты. Демек, студенттің мұғалімнің әдістемелік өздік білімін жетілдіру, зерттеушілік қабілеттері болуы керек. Бакалавр бағытындағы студенттердің білім алуындағы іс-әрекеттерін бақылау жүргізіп отырылуын оқытушы қадағалау керек. Оны педагогикалық іс-әрекетте, жете тоқталсақ: оған диагностикалық-студенттің жасаған жұмыстары негізінде шығармашылықтық даму деңгейі мен тәртібі анықтауы жаталы.

Қысқаша түсінік

Оқытушы студентті бақылай білу үшін, диагностика әдістерімен қарулануы қажет. Болжауда-педагогикалық процестің кезеңдері бойынша міндет пен мақсатты дұрыс шешіп, соңғы нәтижелігін шығаруы жатады. Түпкі ой жобалау іс-әрекетінде оқу-тәрбие жұмысын дұрыс құра біледі. Демек, студенттің шығармашылықтық қабілетіне қарай ерекшелігіне сай қызығушылығын оятып, танымдық іс-әрекетте мазмұнды құрып, білімді санасына құюды қол жетерліктей деңгейде болуы қамтамасыз етілсе. Ол оқытушының сапалы біліміне шығармашылықты қиялына байланысты сияқты.

Бакалавр бағытында дизайн мамандарына ситуациялар проблемалық тапсырмалар беру.

Бакалавр бағытында дизайн мамандарының бағдарламасы болуы керек.



Мақсаты және көрсеткіштері

◆ Мақсаты: бакалавр бағытында дизайн мамандарының білімін әдістемелік, технологиялық білім, білік, дағдысын қалыптастырып шығармашылықтық қабілетке баулып, кәсіби мамандыққа даярлау.

◆ Жоспары: бакалавр бағытында дизайн мамандарының бағдарламасының мәні.

◆ бакалавр бағытында дизайн мамандарының іс-әрекет құрылымы

◆ бакалавр бағытында дизайн мамандарының іс-әрекетті төрт түрлі өлшеммен сипатталады.

◆ Көрсеткіштері:

◆ Жоғарыда сөз етілген автордың пікірі бойынша адам іс-әрекетінің жаңалық ендіруді бағыт етіп алған процесін -инноваторлар деп алса, ал новаторлар олар барлық жаңалықты жаңа идея, әдіс, т.б. қолданылады. Олар жаңалықты қабылдайды, қарым-қатынастан жаңалық іздеп табады және алдын ала іске қосады. Негізгі «лидерлерді» қалыптастырады. Олар модельді құруда басты роль атқарады. Өздерінің ықпалын мөлшерлей біледі. Сана-сезімде жаңалықты іске асырушылар деп аталады. Психология мен педагогикада шығармашылықтық екі іс-әрекет қабылданған. Біріншісі шығармашылық емес және шығармашылықтық іс-әрекеттер

Шығармашылық іс әрекеттер



Шығармашылықтық-оригиналды, продуктивті, эвристикалық т.б. еліктеуге қарама-қарсы іс-әрекеттер.

Студенттер дизайн-түпкі ой жобада макеттердің проектісін жасауды меңгеруін, шар және шаршыны бір біріне үйлестіріп, әшекейлермен безендіріп жобалайды. Бұнда студенттер түрлі тапсырма алады. Цилиндр мен шеңбер алуы мүмкін, соны үйлестіріп, түпкі ой жоба жасайды. Көріп отырғанымыздай жалпақ және көлемді формадан түпкі ой жоба құрастырады. Студенттер оған дейін сәулет элементтерінің құрылыс негіздерінен анықтамалар, түсініктемелер алады.

Дизайн мамандығындағы студенттерді табиғатпен таныстыру барысында, олардың тек сөз қорлары дамып қоймай, өзінің туған жерін сүю, табиғатты қорғау туралы көзқарастары кеңейіп, табиғат сұлулығын сезініп көркемдік талғамдары қалыптасады.

Ерекшелігі



◆ Дизайн пәнінің ерекшелігі студенттердің ой-өрісін кеңейтіп табиғаттағы әсемдік пен көркемдікке бөлеу, макеттік формаларды құрастыру, салу тағы басқа іс-әрекеттер жасауға деген сүйіспеншіліктерін арттырады.

◆ Дизайн пәнінің көркемдікке деген тәрбие берудегі жұмыстың нәтежиелі болуы, біріншіден - дизайн пәнінен дәріс беретін оқытушылардың білім берудегі әдіс-тәсілдеріне тікелей байланысты. Дизайн пәнінің басты міндеті студенттердің бір-біріне ұқсамайтын айшықты әр алуан түстердің үйлесімділігін, түрлі пішіндерді жіктеп саралай білуге үйрету, көзге бірден байқалатыны айқын, ашық әсем түс атаулының барлығын талғамсыз қабылдай салудан сақтап, әсемдік атаулыға неғұрлым санаулы қараудың, кейбір сезім белгілері мен әр алуан көңіл-күйдің пайда болуына қарай жүргізіледі. Студенттер табиғат көрінісін бейнелегенде негізгі мақсат, айналаны қоршаған ортадағы нақты құбылыстар мен табиғат көрінісінің (дала, орман, тау, өзен, т.б.) ерекшеліктерін түйсініп таным негізінде қалыптасады. Дизайн негіздерін меңгеруде белгілі бір ережеден бастаған жөн. Біріншіден байқампаздыққа, талғам мен танымға тәрбиелеу; екіншіден бастаған образдық немесе формаларының суретін аяқсыз қалдырмай қалайда аяқтауға, ұқыптылыққа, төзімдікке тәрбиелеу; үшіншіден бұл қойылған талаптарды студенттерге саналы түрде түсіндіріп, олардың өзінің және жолдастарының салған суреттеріне әділ баға беріп, талдай білуге үйрету қажет.





Психологияда даму кезеңдері

Психологияда психикалық дамудың кезеңденуі жеке тұлғаның әлеуметтік жағдайдағы іштей қозғалыс заңдарын шетел ғалымдары А.Газель, З.Фрейд, Ш. Бюллер т.б. қарастырса, орыс ғалымдары П. Блонский, Л.С. Выготский, А.Н. Леонтьев, А.В. Запорожец, Д.Б. Эльконин еңбектерінде баланың сурет салушылық ниетінің 7-10 жасқа дейінгі дұрыс жолдармен жүргізіліп, бала сауатын ашса, әрі қарай шығармашылықта дамиды, ал сурт салу мәдениетін ашпаса 10 жастан бастап сурет салудан бас тартады. Келесі кезеңде 15-20 жаста сурет салу ниеті қайта оянындығы жайлы тұжырымдар кездеседі. Біздіңше, осы аралықтарда оқушылар мен студенттерге сапалы білім берсек, жақсы нәтижесін көруге болатындыған іс-тәжірбиеміз көрсетті.



Композициялық міндет

Композициялық кескіндемелік және графикалық сурет салуда негізгі міндетті атқаратынын эксперимент жасалып дәлелденген. Бірінші курста студенттер натураны геометриялық топтан құрып, қабылданып сурет салады. Бұнда студенттер геометриялық топтан құрылған натураның мазмұнына тоқталады. Онда студенттер қарандаш түрлерімен таныстырылады. Натураны салуда жұмсағы мен қаттылығы бірдей бір қарындашты қолданады. Бірыңғай қатты қарындашпен суреттің құрылысын салу қиынға түседі. Немесе қағазды тесіп жібереді. Егер бірыңғай жұмсақ қарындашпен суреттің құрылысын салсақ, онда жұмысты кірлетеді. Нобайларды таңдаған қарындаштармен сала беруге болды.



33



Флора мен фауна формалары

◆ Флора мен фауна формаларын салуда геометриалды әдісте нобайымен пропорциясы анықталады. Толық форма салынған соң, этностильде безендіру мәселесі симметрия мен ырғақта қарастырылады. Образдар мен формалар көркемдеп құрастыруда дидактикалық ғылыми принциптердің заңдылықтарын ескеру керек. Соның бірі перспектива заңдылығы ауқымды роль атқарады. Ол арқылы кеңістікті бағдарлау мәселесі шешіледі.

◆ Қайта өрлеу дәуірі кезінде жазықтықта бейнелеу теориясы-перспектива заңдылықтарын анықтап жасаған. Перспектива заңдылығын білу суретшілердің картинасында өзін қоршаған ортаны дұрыс бейнелеуге көмек көрсетеді. Бейнелеу теориясының ашылуы оптикаға геометрия қосылғанда ғана негіз болды. Осы екі ғылым жазықтықта бейнелеу заңдылығын толық меңгеруге көп ықпал етті. Перспектива дидактикада-оқыту теориясының ғылыми оқу принципінің бірі болып табылады.



Практикалық тапсырма

- ◆ **Тақырып 9.** Пластикалық бейнелеуді оқытудың сипаттамасы.
- ◆ **МАҚСАТЫ:** Пластикалық пен көлемді пластикалық жобалау өнерінен көркемдік білімдерді беру арқылы студенттердің шығармашылық толғанысын, қиялын, дүниені түйсінуін, образдық бейнелеу ерекшеліктерін, композициялық дағдыларын дамыту;
- ◆ **ЖҰМЫСТЫ ОРЫНДАУ МАЗМҰНЫ МЕН ТӘРТІБІ:**
- ◆ Берілген тақырып бойынша реферат орындау. 1 апта уақыт кезеңінде дайын жұмыстарды көрсету керек.



Назарланызга
рахмет